

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1818. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.29. N 1675 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 50 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне министрдің 3

орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 желтоқсандағы N 1408 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1818 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі орталық
аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық
Өнер басқармасы
Қаржы-экономика бөлімі
Бухгалтерлік есеп бөлімі

Саланы реформалау, жаңа инфрақұрылым және кадр жұмысы бөлімі
Шетелдермен мәдени байланыстарды үйлестіру бөлімі
Тарихи мұраларды қорғау, музей және мәдени-демалыс жұмыстары
бөлімі
Аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК